- АЖ қолданушыларының шығу ақпаратына сұрастырылатын сенімді көрсетілім есептеулерін өткізу үшін шығу берілгендері болады. Шығу ақпараты көрсетілуі мүмкін барлық сұрастырылған ақпараттар нақты анықталған формада (немесе мазмұнда) типтерге бөлінеді [5].

## **2.2 Деректер қорын жобалау**

### **2.2.1 Деректер моделі**

Деректер қорын басқару жүйесі (ДҚБЖ) қолдайтын деректердің моделі өзінің логикалық құрылымы болады. Оған келесідей модельдер жатады:

- иерархиялық;
- желілік;
- реляционды.

Сонымен қатар кейінгі уақытта тәжірие жүзінде бастапқы үш модельдерден гөрі белсенді деректер моделі қолданылып жүр. Олар:

- постреляционды;
- көп өлшемді;
- нысанды–бағытталған.

Осы модельдерге негізделе отырып, қазіргі кезде басқа да деректер моделі құрылуда. Олардың қатарына нысанды–реляционды, деактивті–нысанды–бағытталған, семантикалық, концептуалдық және бағытталған моделдерді жатады.

Кейбір ДҚБЖ бірнеше деректер моделін қамти алады. Мысалы, ИНТЕРБАЗА жүйесінде желілік деректер қорын басқарылады және пайдаланушы интерфейсінде SQL және QBE тілдері құрылған.

Реляционды ДҚБЖ нысанды–бағытталған жүйелердің кейбір қасиеттерін қамтиды. Ондай ДҚБЖ көбіне нысанды–реляционды деп атайды. Оның мысалы ретінде Oracle 8.x. алуға болды. Ал, оның алдындағы нұсқасы, яғни Oracle 7.x таза реляционды болып табылады. Microsoft SQL Server 2005, PostgreSQL, сол сияқты Sav Zigzag, IBM Cloudscape, FirstSQL бұлардың бұлардың бәрі нысанды–реляционды болып табылады.

Постреляционды модель.

Постреляционды модель реляционды модельдің кеңейтілген түрі болып есептеледі. Ол кестеде сақталған деректерді бөлуге рұқсат етеді және өріс көп мәндік бола алады, яғни бір мәндің ішінде бірнеше мәндер болу мүмкін. Осылардан құралған кестелер негізгі кестеге бағынады.

Артықшылығы, реляционды кестелерді жиынын бір постреляционды кестемен беруге болады. Сонымен қатар, тағы артықшылықтары оның ақпараттық жоғары дәрежеде көрсетілуі мен оны өңдеудің тиімділігінде.

Постреляционды модельдің мысалы ретінде ДҚБЖ uniVers айтсақ болады.

Көп өлшемді модель.

Көп өлшемді модель, реляционды модельмен бірге пайда болды. Бұрын ол реляционды модель сияқты кеңінен қолданылмаған, тек 90 жылдардың ортасынан бастап оған қызығушылық артуда. Көп өлшемді модель ақпаратты интерактивті өңдеуге арналған.

Оның артықшылығы, реляционды модельге қарағанда нысандардың өзара күрделі байланыстарын қарастырады.

Көп өлшемді модельдің мысалы ретінде мына жүйелерді қарастыруға болады: Essbase (Arbor Software), Media Multi–matrix (Speedware), Oracle Express Server (Oracle) және Cache (InterSystems).

Нысанды–бағытталған модель.

Нысанды–бағытталған модельде деректер өздерінен бөлек жазбаларын идентификациялана алады және де оларды өңдейтін функцияларды анықтай алады. Ал кемшілігі, сұраныстардың жай орындалуында.

90 жылдарды нысанда–бағытталған модельдер тәжірибе жүзінде іске асырылды. Қазіргі кезде олар кеңінен қолданыста. Атап айтатын болсақ: ДҚБЖ: POET (POET Software), Jasmine (Computer Associates), Versant (Versant Technologies), O2 (Ardent Software), ODB–Jupiter («Интелтек Плюс» ғылыми–өндіріс орталығы), Iris, Orion және Postgres.

## 2.2.2 Реляционды деректер қорына қойылатын талаптар

Біз жұмыста реляциялық деректер қорын негізге алатын болғандықтан оған қойылатын талап – деректердің қалыптастырылуы. Қалыптастыру кестелердегі деректердің қайшылықтары және үйлесімсіз болмауын қадағалайды. Қалыптастырудың алты формасы бар, бірақта тәжірибеде деректер алдыңғы үш қалыптың талаптарын қанағаттандыратын болса жеткілікті.

## 2.2.3 SQL тілі туралы негізгі деректер

Деректерге ену мүмкіндігінің реляциялық тәсілі жазбалар тобының амалдарына негізделген. Амалдарды орындауға SQL (Structured Query Language) құрылымдық сұраныс тілінің құралдары қолданылады. Delphi қосымшаларында BDE механизмін қодану барысында деректер жиыны ретінде SQL–сұранысты орындауды беретін Query немесе StoredProc компоненттері қолданылады. SQL құралдарын жергілікті және қашықтағы деректер қорымен амалдар орындауға қолдануға болады.

Бағдарламалаудың процедуралық тілінен айырмашылығы: есептеу процестерін басқару инструкциясы (циклдер, тармақталу, басқа операторға өту) және енгізу/шығару құралдары жоқ.

Microsoft Access, Visual FoxPro немесе Paradox сияқты ДҚБЖ, SQL–де сұраныстарды бағдарламалаумен байланысты әрекеттерді өздері орындайды, мысалы Query By Example (QBE) – үлгі бойынша сұраныс, пайдаланушыға сұранысты визуальды құру құралдарын білдіреді.

SQL бағдарламалау тілінің толық функционалдық мүмкіндіктерін қамтымағанмен, ол деректерге ену мүмкіндігіне арналған және оны бағдарламаны жасау құралына қосады. және Delphi жүйесіне ендірілген. Сонымен қатар, SQL командаларымен жұмыс істеу үшін сәйкес құралдар және компоненттер бар. Delphi–де мұндай компоненттерге Query, SQLQuery және ADOQuery деректер жиыны жатады.

SQL тілінің функциялары.

Статистикалық функциялар:

- AVG() – орташа мән;
- MAX() – ең үлкен мән;
- MIN() – ең кіші мән;
- SUM() – қосынды;
- COUNT() – мәндердің саны;
- COUNT(\*) – нөлдік емес мәндердің саны.

Жолдармен жұмыс істеуге арналған функциялар:

- UPPER(Str) – Str символдық жолды жоғарғы регистрге айыстыру;
- LOWER(Str) – Str символдық жолды төменгі регистрге айыстыру;



- TRIM(Str) – Str жолының бастапқы және соңғы бос орындарын өшіру;
- SUBSTR (Str FROM TO) – Str жолынан, өзі символдардан тұратын, n1 жолынан бастап, n2 жолымен аяқталатын ішкі жолды бөліп алу;
- CAST(<Expression> AS <Type>) – Expression өрнегін Type типіне келтіру.

Ай–күн (Дата) және уақытпен жұмыс істейтін функция:

- EXTRACT(<Элемент> FROM <Өрнек>) – дата және уақыт мәндерінен тұратын өрнектен, сәйкес көрсетілген элементтен мәндер алу; дата және уақыт элементі ретінде YEAR, MONTH, MINUTE және SECOND элементтерін көрсетуге болады.

Кестелермен келесі амалдарды орындауға болады:

- жаңа кесте құру;
- кестені өшіру;
- кесте өрістерінің құрамын өзгерту;
- индексті құру және өшіру.

Бұл әрекеттер SQL тілінің инструкцияларының көмегімен орындалады.

#### 2.2.4 Кесте құру және өшіру

Кестені құру үшін CREATE TABLE инструкциясы қолданылады:

```
CREATE TABLE <Кесте аты>
  (<Өріс аты> <дерек типі>
   ...
   <Өріс аты> <дерек типі>);
```

Файлдың кеңейтілуі бойынша кестенің форматы автоматты түрде, яғни .db – Paradox кестесі үшін, .dbf dBase кестесі үшін анықталады. Кесте файлы дерек қор псевдонимі көрсетілген, МҚ каталогында орналастыру керек.

SQL тілінің көмегімен кесте құру мысалы:

```
CREATE TABLE Student.dbf
  (Numer Integer
   Name CHAR(15)
   Datarogd DATE);
```

Paradox кестесі үшін PRIMARY KEY сипаттамасын және жақшаның ішіне оның өрістерін көрсетіп, негізгі немесе алғашқы кілтті анықтауға болады. Кілттік өріс өрістер тізімінде бірінші болып орналасуы керек. Негізгі кілтті құрумен жаңа кестеге құруға мысал:

```
CREATE TABLE Personal.db
  (Code AUTOINC
   Name CHAR(15)
   Post CHAR(15)
   Oklad Numeric(10,2)
   PRIMARY KEY(Code));
```

Кестені өшіру үшін келесі инструкция қолданылады:

DROP TABLE <Кесте аты>;

Мысалы DROP TABLE <student>; Дискіден student атты кестеге қатысы бар барлық файлдар өшіріледі.

Кесте өрістерінің құрамын өзгерту.

Кесте өрістерінің құрамын өзгерту өрістерді қосу немесе өшіруді білдіреді және оның құрылымын өзгертуге әкеледі, сонымен қатар кестені басқа қосымшалар қолданбауы керек. Кесте өрістерінің құрамын өзгерту ALTER TABLE инструкциясының көмегімен орындалады:

ALTER TABLE <кесте аты>

ADD <1-өріс аты> <1-өріс типі> ,

DROP <1-өріс аты> ,

...

ADD <n-өріс аты> <n-өріс типі > ,

DROP <n-өріс аты>;

ADD операндысы кестеге жаңа өріс қосады, өріс аты және типі CREATE TABLE инструкциясындағыдай беріледі, ал DROP операндысы көрсетілген атымен кестеден өрісті өшіреді. ADD және DROP операндылары бір-бірімен байланысты емес және еркін түрде орналасуы мүмкін [8].

### **3 Дерекқорды жобалау және оны іске асыру**

#### **3.1 ДҚ құрудың бастапқы кезеңі**

Баспа орталығының жүйесі - клиент-серверлік технологиясын қолдана отырып, пайдаланушыларға техникалық қызмет көрсетуге арналған информациялық жүйе болып табылады.

Бұл бағдарламалық шешім техникалық қызмет көрсетуге арналған ақпараттармен жұмыс жасауда, қолдау қызметіне түскен мәліметтерді орталықтандырылған жүйесін жүргізу, ақпараттардың орындалуын бақылау, техникалық қолдау қызметінің жұмыс сапасын жоғарылату, клиенттерден түскен сұраныстарды бақылауына және өңдеуіне уақытты үнемдеу және автоматтандыруға арналған.

Электронды құжаталмасу жүйесін жобалауда қолданылған бағдарламалық қамтамалар: SQL Server 2008, Microsoft Visual Studio 2012. Мәліметтер қоры My SQL-жүйесінде жасалады.

##### **3.1.1 Дерекқордың функционалдығын сипаттау**

Баспа орталығының жұмысын бақылайтын және бағалайтын орталықтандырылған деректер қорларын тиімді басқаратын жүйе құру, Тапсырыс берілген газеттердің санын есептеп шығару, Шығарылым күнін, сатылым орнын қарастыру, клиенттерді жазылым газеттері бойынша сараптау мүмкіндігін қарастыру.

#### **3.2 Концептуалды жобалау**

Жобаланатын дерекқор және бағдарламалық интерфейс баспа орталықтың қызметкерлеріне арналған. Бағдарламалық қосымшада келесі функциялар іске асырылған:

- ақпараттық функция, клиент, газеттер туралы толық ақпаратты береді;
- енгізу функциясы, дерекқорға жаңа ақпарат енгізуге мүмкіндік береді;

##### **3.2.1 Қажетті ақпарат: пайдаланушылардың талабы**

Жоба пайдаланушының барлық негізгі талаптарын қанағаттандыру керек. Бұл жүйенің негізгі пайдаланушылары баспа орталықтың қызметкерлері болады. Негізгі талаптар алынған ақпараттың ұсынылатын тиімділік деңгейінде негізделеді. Жүйеге қойылатын негізгі талаптардың тізімі:

– жүйе қолданыста қарапайым болу керек. интерфейс ыңғайлы болу керек;

- жүйе қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек;
- жүйе дерекқордың тұтастығын қамтамасыз ету керек;
- жүйе толығымен интеграциялану керек, яғни мәліметтердің артылуы және артық жаңартулар болмау керек.

### **3.2.2 Дерекқор және қосымшаны жобалау құралдарын таңдаудың негіздемесі**

Дерекқорларды басқару жүйесі.

Барлық талаптарды қамтамасыз ететін информациондық жүйені жүзеге асыру үшін бірінші кезекте реляциондық дерекқорын және серверлі архитектура клиентін қолданудың анық шешіміне әкелетін орталық деректер сақтаудың әдісін таңдау қажет.

Қазіргі кезде қойылған тапсырмалар талаптарын ДҚБЖ мүмкіншілігіне қарай және тапсырыс берушінің таңдауына байланысты таңдауға болатын бірнеше ДҚБЖ көрсетілген [4]:

- орнату және қолданудың жеңілдігі;
- кең таралған;
- қымбат серверлік қуатты орнатуды қажет етпейді;
- өндіргіштігінің жақсы көрсеткіші;
- деректерді сақтау сенімдігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жеке құралдары;
- коммерциялық емес қолдану үшін өнімді сызғышта арзан түрлерінің болуы.

Microsoft SQL Server төменөндіргіштік серверлік қуаттарға есептелген, сонымен қатар қолданушылық жұмыс станциясында қолданушыға өндіргіштіктің төмендеуінің білінуінсіз жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

SQL компьютерлік дерекқорда сақталатын деректерді өңдеу және оқу үшін арналған құрал болып табылады, және қолданушының дерекқормен өзара қатынас ұйымдастыру үшін қолданылатын программалау тілі болып табылады. Шындығында SQL тек бір белгілі типті – реляционды дерекқормен жұмыс істейді. SQL ДҚБЖ қолданушыға ұсынатын барлық функционалдық мүмкіншіліктерді жүзеге асыру үшін қолданылады, соның ішінде:

- деректерді ұйымдастыру. SQL қолданушыға деректердің көрсетілімі құрылымын өзгертуге, сонымен қатар дерекқордың элементтері арасында қатынас құруға мүмкіндік береді;
- деректерді оқу. SQL қолданушыға немесе қосымшаға дерекқордың ішіндегі деректерді оқуға және олармен қолдануға мүмкіндік береді;
- деректерді өңдеу. SQL қолданушыға немесе қосымшаға дерекқорды өзгертуге, яғни оған жаңа деректер енгізуге, оған қоса бұрыннан бар деректерді өшіруге немесе жаңартуға мүмкіндік береді;

– қатынас құруды басқару. SQL-дің көмегімен қолданушының деректерді оқу және өзгерту және рұқсат етілмеген қатынас құрудан қорғауға мүмкіндігін шектеуге болады;

– деректерді бірге қолдану. SQL параллельді түрде жұмыс істейтін қолданушыларға бір-біріне кедергі келтірмес үшін деректерді бірге қолдануын қадағалайды;

– деректердің тұтастығы. SQL дерекқордың тұтастығын қамтамасыз етіп, оны келісімсіз өзгерістерден немесе жүйенің бас тартуынан қираудан қорғауға рұқсат береді.

SQL – дерекқорды программалау тілі. Дерекқорға қатынас құру үшін бағдарлаушылар өздерінің бағдарламаларына SQL командаларын қояды. Бұл әдістеме қолданушылар жазған бағдарламаларда да, дерекқорлардың қызметтік бағдарламаларында да қолданылады (есеп беру генераторы және деректерді енгізу құралдарында). Осылайша, SQL адамдарға, бағдарламаларға және есептеуіш жүйелерге реляционды дерекқорлардағы ақпараттарға қатынас құруды қамтамасыз ететін қажетті және мықты құралға айналды.

### 3.3 ER моделін құру

SQL – дерекқорды программалау тілі. Дерекқорға қатынас құру үшін бағдарлаушылар өздерінің бағдарламаларына SQL командаларын қояды. Бұл әдістеме қолданушылар жазған бағдарламаларда да, дерекқорлардың қызметтік бағдарламаларында да қолданылады (есеп беру генераторы және деректерді енгізу құралдарында). Осылайша, SQL адамдарға, бағдарламаларға және есептеуіш жүйелерге реляционды дерекқорлардағы ақпараттарға қатынас құруды қамтамасыз ететін қажетті және мықты құралға айналды.

ДҚ құрудың бастапқы кезеңінде алғашқы нысандар жиынтығын анықтау қажет. Бұл ақырғы пайдаланушылар мен жобалаушы көзқарасы бойынша жүйе объектілері туралы ең маңызды ақпарат болып табылады. Баспа орталығының деректер қоры 3.1–кестеде көрсетілген нысандарды қолданады. Microsoft SQL Server төменөндіргіштік серверлік қуаттарға есептелген, сонымен қатар қолданушылық жұмыс станциясында қолданушыға өндіргіштіктің төмендеуінің білінуінсіз жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

К е с т е 3.1 - «Баспа орталығының кестесі» дерекқорының нысандары

| Нысан аты  | Сипаттамасы                     |
|------------|---------------------------------|
| Klient     | Клиент туралы мәліметтер        |
| Tochka     | Сатылым орны туралы мәліметтер  |
| Klient_tel | Клиент номері туралы мәліметтер |
| Patronymic | Аты-жөні                        |
| Name       | Клиент аты туралы мәліметтер    |
| Fam        | Тегі                            |
| Vypusk     | Шығарылым номері                |


Кесте 3.1-дің жалғасы

|              |                          |
|--------------|--------------------------|
| Kol_gazet    | Газет немесе журнал саны |
| Dohod        | Пайда                    |
| Spisok       | Газеттердің тізімі       |
| Type         | Газет немесе журнал типі |
| Cena         | Соммасы                  |
| Name_tochka  | Сатылым орны аты         |
| Nomer_v      | Шығарылым нөмері         |
| Data_v       | Шығарылым күні           |
| Kollichestvo | Газеттердің саны         |

Жобалаушы және ақырғы пайдаланушы нысандарды анықтау кезінде келісімге келу керек. Жобалаушы нысандар арасындағы байланыстарды операциялардың сипаттамасына негізделіп анықтайды. Нысандар арасындағы байланыстар операциялардың толық сипаттамасы негізінде құрылған бизнес-ережелерге негізделеді. Бұл жерде біз құрып отырылған деректер қорына бизнес-ережелер құрамыз. Алгоритмін құрамыз. Бизнес-ереже 6 бөлімнен тұрады.


### 3.3.1 Бизнес ережелер

- 1) Клиенттің тапсырыс кестесі болады, кестені 3.1–суреттен көруге болады.




Сурет 3.1 –Клиенттің тапсырыс кестесі бизнес ереже үшін ER сегменті

2) Клиент газеттің барлық түрін сұранысқа бере алады.



Сурет 3.2 – Клиент газеттің барлық түрін сұранысқа беру бизнес ереже үшін ER сегменті


3) Газеттер тізімінде шығарылым нөмерлері болады.



Сурет 3.3 – Газеттер тізімінде шығарылым нөмерлері бизнес ереже үшін ER сегменті




4) Сатылым орны бойынша клиенттерді қарауға болады.




Сурет 3.4 – Сатылым орны бойынша клиенттерді қарау бизнес ереже үшін ER сегменті

5) Газет немесе журнал тізімі.



Сурет 3.5 – Газет немесе журнал бизнес ереже үшін ER сегменті

Жобаның ER диаграммасын 3.6–суреттен көре аласыздар.



Сурет 3.6 – ER диаграмма

### 3.3.2 Реяционды қатынастарды құрастыру

Әрбір реяционды қатынас бір нысанға сәйкес келеді және оған нысанның барлық атрибуттары енгізіледі. Әрбір қатынас үшін алғашқы кілт және сыртқы кілттерді (егер бар болса) анықтау қажет. Қатынастар 3.2–3.6-кестелерінде келтірілген. Әрбір қатынас үшін ішкі аты, типі мен ұзындығы бар атрибуттар көрсетіледі. Мәліметтер типі келесідей белгіленеді: int – сандық, char – символдық, Datetime – мезгіл (оның ұзындығы ДҚБЖ–не байланысты әртүрлі болады, сондықтан ол көрсетілмейді).

К е с т е 3.2 – tochka қатынасы

| Өріс аты           | Атрибут аты | Мәліметтер типі | Ескерту      |
|--------------------|-------------|-----------------|--------------|
| Сатылым коды       | tochka_id   | int             | Алғашқы кілт |
| Сатылым орны атауы | name_tochka | varchar(10)     | Қажетті өріс |

К е с т е 3.3 – type қатынасы

| Өріс аты    | Атрибут аты | Мәліметтер типі | Ескерту      |
|-------------|-------------|-----------------|--------------|
| Тип коды    | type_id     | int             | Алғашқы кілт |
| Типінің аты | type_name   | varchar(20)     | Қажетті өріс |

К е с т е 3.4 – spisok\_3 қатынасы

| Өріс аты     | Атрибут аты | Мәліметтер типі | Ескерту      |
|--------------|-------------|-----------------|--------------|
| Сатылым коды | spisok_id   | int             | Алғашқы кілт |
| Сатылым аты  | spisok_name | varchar(20)     | Қажетті өріс |
| Тип коды     | type_id     | varchar(100)    | Қажетті өріс |
| Бағасы       | sena        | int             | Сыртқы кілт  |

К е с т е 3.5 – klient\_gazeta2 қатынасы

| Өріс аты       | Атрибут аты | Мәліметтер типі | Ескерту      |
|----------------|-------------|-----------------|--------------|
| Коды           | id          | int             | Алғашқы кілт |
| Клиент коды    | klient_id   | int             | Қажетті өріс |
| Шығарылым коды | vyusk_id    | int             | Қажетті өріс |
| Газет саны     | kol_gazet   | int             | Қажетті өріс |
| Соммасы        | dohod       | real            | Қажетті өріс |

К е с т е 3.6 – klient\_2 қатынасы


| Өріс аты     | Атрибут аты     | Мәліметтер типі | Ескерту      |
|--------------|-----------------|-----------------|--------------|
| Клиент коды  | klient_id       | int             | Алғашқы кілт |
| Аты          | name            | varchar(30)     | Қажетті өріс |
| Фамилиясы    | fam             | varchar(30)     | Қажетті өріс |
| Әкесінің аты | patronimic      | varchar(30)     | Қажетті өріс |
| Туған күні   | date_rozhdeniya | date            | Қажетті өріс |
| Адресі       | klient_addres   | int             | Сыртқы кілт  |
| Сатылым орны | tochka_id       | int             | Қажетті өріс |
| Телефоны     | klient_tel      | int             | Сыртқы кілт  |

### 3.3.3 Логикалық жобалау

Логикалық жобалау кезеңінде дерекқор моделі жүйені іске асыру кезінде қолданылатын белгілі бір ДҚБЖ (MS SQL Server) үшін жарамды форматқа трансформаланады. Логикалық жобалаудың мақсаты реляционды кестелік құрылымдарды құру болып табылады. Жобаланатын дерекқорда кестелердің және байланыстардың құрылымдарын MS SQL Server көмегімен жасаймыз.

ДҚ диаграммасы.

Концептуалды моделді дерекқордың сәйкес құрылымына енгізілу тәсілі қандай болса да, ДҚ реляционды сұлбасы жобаға сәйкес болу керек. ДҚ диаграммасын 3.7–суретте көрсетілген.



Сурет 3.7 – ДҚ диаграммасы

### 3.3.4 Көрсетілімдер және процедуралар

Көрсетілімдер бұл кестелер, бірақ оның құрамы басқа кестелерден алынады. Олар сұраныстарда дәл негізгі кестелер сияқты жұмыс істейді, бірақ оларда өзінің жеке деректері жоқ.

## 3.4 Физикалық жобалау

### 3.4.1 Дерек қорына қосымша құру

Тапсырманың қойылуы.

Мәліметтер қорымен жұмыс істеу қосымшасын жасау әдістемесі кәдімгі программаны құру әдістемесінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Формаға

керекті компоненттер енгізіледі, компоненттердің қасиеттерінің мәндері қойылады, керекті оқиғаны өңдеу процедурасы жасалады.


Мәліметтер қорымен жұмыс істеу қосымшасы мәліметтерге енуді қамтамасыз ететін компоненттерден, өрістердің мәліметтерін қарап шығу және редакциялау мүмкіндіктерінен тұрады. Мәліметтерге кіруді қамтамасыз ететін компоненттер Data Access компоненттер палитрасы қосымшасында, ал мәліметтерді бейнелеу компоненттері - Data Controls қосымшасында болады [5].

Database компоненті мәліметтер қорын кестелер жиынтығы ретінде, ал Table компоненті – мәліметтер қорының бір кестесі. DataSource (мәліметтер көзі) компоненті мәліметтерді бейнелеу-редакциялау компоненті (мысалы DBGrid компонентін) мен мәліметтер көзі (Table компоненті немесе SQL-сұраныс нәтижесі) арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. DataSource компоненті мәліметтер көзін тез таңдауды, сол компоненттердің біреуін пайдаланып, мысалы DBGrid кестеден мәліметтерді көру үшін немесе осы кестеге SQL-сұранысты орындау нәтижесін көруге мүмкіндік береді [6].

### 3.4.2 Бағдарламаны сипаттау


Жүйеге кірудің екі әдісі бар: администратор ретінде, менеджер ретінде. Программаның жұмыс барысы: программа іске қосылмас бұрын пароль арқылы қолданушыға ену рұқсатын береді. Бұл базадағы мәліметтерді қорғау мақсатында құрылған.

Менеджер интерфейсінде газеттер туралы ақпараттар, яғни түскен сұраныстар, 3.8–суретте клиенттер жайлы жалпы ақпарат көрсетілген.




Сурет 3.8 – Админ ретінде жүйеге кіру беті

Администратор бөлімінің басты беті 3.9-суретте келтірілген.




3.9 сурет – Администратор интерфейсі

Администратор терезесінде барлық түскен мәліметтерді көрсету, 3.9-суретте жеке паролін өзгерту функциялары бар.



3.10 сурет – Администратор интерфейсі


Администратор келіп түскен мәліметтерді іздеу функциясы бар. Іздеу функциясында мәліметтерді мәтін бойынша, аты-жөні бойынша, 3.11–сурет сату орны бойынша жүзеге асыру мүмкіншіліктері бар.



3.11 сурет – Ақпараттарды іздеу беті

### 3.3.2 Администратор интерфейсі


Администратор интерфейсі төрт категориядан тұрады: клиенттер, жіберілім, қосымша өзгертулерді басқару. Осы терезе 3.12–суретте көрсетілген.



3.12 сурет – Администратор интерфейсі




Клиенттердің сұраныстары бойынша шығылымдарды нөмері бойынша жеке сатылым орындарына жіберіп отырамыз.



3.13 сурет – Администратор беті

Администратордың басты міндеті—қолданушылардан келген мәліметтерді қарастырып, олардың өтініштерінің немесе белгілі техникалық қызмет көрсету туралы есеп беру жасау, жүйені басқару.




3.14 сурет – Жаңадан келген клиенттерді қосу терезесі



Жүйе администраторы келіп түскен мәліметтерді өңдейді. Клиенттердің сұраныстарын жүйеге енгізеді және жою, өзгерту мүмкіндіктері енгізілген. Администратор бетінде, сонымен қатар, жеке баптауларды өңдеу беті, әрбір қолданушылар туралы мәліметтер бар.

Сату орны беті.

Бұл бет үш бөліктен тұрады: таңдау бөлімі, негізгі кестелер, кестелерді өңдеу бөлімі. Таңдалып алынған кесте негізгі кестелер бөлімінде көрсетіледі. Өңдеу бөлімінде таңдап алынған кестемен жұмыс істейді, яғни жаңа ақпарат қосы, енгізілген өзгерістерді сақтау және қажет емес ақпараттарды өшіруге болады.




Сурет 3.15 – Сату орындарын көрсететін терезе

Ақпаратты қосу беті.

Баспа орталығы газеттерді шығару және таратумен айналысады. Таралым бойынша және шығарылатын газеттердің саны, сатылым орындары, тапсырыс берген клиенттер жайлы базаға енгізіп отырамыз. Осы қызметті администратор асайды. Администратор жүйені редакциялаумен айналысады. Администратор жүйені редакциялауын 3.16-суретте көрсетілген.




## Ақпараттарды қосу



Сурет 3.16 – Ақпараттарды қосу терезесі

Қосымша өзгертулер терезесі 3.17 -суретте көрсетілген. Қосымша өзгертулерде жаңадан қосылған сатылым орындарын, шығарылатын газеттер немесе журналдар типтерін енгіземіз. Өзгерту батырмасы бойынша газет түрлерін енгіземіз.




Сурет 3.17 – Қосымша бойынша сұрыптама жасау

Мәліметтерді іздеу беті.


Есеп беру маңызды бөліктерінің бірі болып табылады.

Мысалы 3.18-суретте көрсетілген. Сұрыптаманы атауы бойынша, клиенттің аты бойынша, шығарылым нөмірі бойынша.



Сурет 3.18 – Мәліметтерді іздеу терезесі


Клиенттердің тапсырысы бойынша сатылым орындарына, клиенттің жеке өзіне газеттерді жібереміз.




Сурет 3.19 – Жіберілім бөлімі

Керекті мәліметтерді іздеу бөлімі бойынша іздеуге болады. Суретті 3.20-суреттен көре аласыздар.






Сурет 3.20 – Мәліметтерді іздеу




Сурет 3.21 – Жіберілімді өзгерту

Газеттер бойынша іздеудің нәтижесін 3.22-суреттен қарауға болады.



Сурет 3.22 – Рабат газеті бойынша іздеудің нәтижесі



Сурет 3.23 – Жаңарту бөлімі

## 4 Тіршілік қауіпсіздігі

### 4.1 Жалпы жұмыс жағдайын талдау

Дипломдық жобаның тақырыбы «Шымкент қ «Ернұр Пресс» ЖШС баспа орталығы жұмысының деректер қорын құру». Жобаны жасау барысында компьютер негізгі рөл атқарады. Сондықтан, жұмысшылардың компьютермен жұмыс істеген кездегі еңбектің қауіпсіздігімен жұмысқа қабілеттілігін сақтауымыз қажет.

Жұмыс мақсаты-тапсырмаға байланысты жекелеген өндіріс бөлмесінің жасанды жарықтандырылуын орындап есеп жүзінде дәлелдеу,  $E_{min}$  қажетті жарық шамдарының санын анықтап нормаланған жарықтандыруды есептеу.

Бұл жобада қарастырылған жұмыс бөлмесі Шымкент қаласындағы «Ернұр Пресс» ЖШС ғимаратында орналасқан. Сол ғимараттың ішінде бағдарламаны орнату және оны басқару бөлмесі орналасқан. Айтылып жатқан ғимаратымыз 1 этажды болып келеді.

Оператордың жұмыс орнын ұйымдастырғанда жұмыс бөлмесі ауданының маңызы зор. Бұл жобада қарастырылған жұмыс бөлмесінің ұзындығы 8м, ені 4м, биіктігі 3м, бөлмеде 2 терезе бар, оның көлемі 2x2. Бөлмеде 4 адам жұмыс істейді, жұмыс графигі - аптасына 6 күн, күніне 8 сағат.

Дербес компьютер операторының жұмысы ұзақ көру жұмысымен байланысты болғандықтан, Оператор бөлмесіндегі жарықтануды есепке алу қажет. Өндірістік кәсіпорындардағы жасанды жарықтандыру шарттары қызметкерлердің көру қабілетіне, физикалық және моральдық жағдайларына елеулі әсер етеді.

Бұл жобада баспа орталығы жұмысының деректер қорын құру қарастырылған. Жұмысшының негізгі жұмысы ақпаратты енгізу немесе толықтыру, бағдарламалар бойынша дербес компьютерде тапсырманың есептелуін түзету және бақылау. Міне осыған орай, оператор организмінің энергия шығынына байланысты жұмыс категориясын таңдаймыз. ГОСТ 12.1.005-88 ССБТ «Жұмыс орнының ауасы, санитарлық-гигиенаның жалпы талаптары» 4.1–кестеде келтірілген. Оператордың жасайтын еңбегі бірінші категорияға жатады (Ia).

К е с т е 4.1 –Адам организмінің жұмыс категориясы бойынша энергия шығыны

| Жұмыс категориясы         | Категория | Адам организмінің энергия шығыны, кал/сағ | Жұмыс сипаттамасы         |
|---------------------------|-----------|---|---------------------------|
| Жеңіл физикалық жұмыс I a | I a       | 138-172                                   | Жұмыс отыру күйінде өтеді |

## 4.2 Жұмыс орнының микроклимат жағдайы

Жұмысшылардың қолайлы еңбек ету шарттарын қамтамасыз ету үшін микроклимат параметрлерін нормалау қажет. Жұмыс орнының қолайлы жағдайында адамдардың жұмыс істеу қабілеттері жақсарады, жұмысшылардың ауруға шалдығуы азаяды сонымен қатар, еңбек өндірісі артады.

Жұмыс орнындағы нормаланған климаттық параметрлер 4. 2 – кестеде келтірілген.

Кесте 4.2 – Температураның, ылғалдылық пен ауа қозғалысының нормалары ГОСТ 12.1.055.88ССБТ

| Жұмыс мезгілі | Ауа температурасы, °С | Салыстырмалы ауа ылғалдылығы, % | Ауа қозғалысының жылдамдығы, $\frac{м}{с}$ |
|---------------|-----------------------|---------------------------------|--|
| Суық          | 22 - 24               | 40–60                           | 0,1  |
| Жылы          | 23 - 25               | 30–50                           | 0,2  |

Оператор бөлмесіндегі жаз уақыт кезіндегі температура +26°С-ге дейін көтеріледі, ал қыс кезіндегі температура +18-ден +22°С-ге дейін. Бөлменің терезелер арқылы түсетін табиғи жарықтануы және қараңғы уақытта жұмыс істеу мүмкіндігін беретін жасанды жарықтануы бар.

Географиялық ендікке байланысты, жыл мезгілі және тәулік, атмосфераның бұлттылығы мен мөлдірлігіне тәуелді, тікелей күн көзі және көкжиектен түсетін жарықтандыруды табиғи жарықтандыру деп атаймыз. Ал жасанды жарықтандыру деп электр көзінен түсетін жарықтандыруды айтамыз. Операторлардың жұмыс орындарының бөлмесін жасанды жарықтандыру үшін люминесцентті шамдарды қолданамыз, олардың жарық бергіштігі жоғары (75 им/Вт-қа дейін және одан жоғары), жарамдылық мерзімінің ұзақ (10 000 сағатқа дейін). Өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға қажетті шараларды қолдану мақсатында өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция т.б.) орнатқан кездерде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтауымыз керек. Сол себепті де бөлмеде әртүрлі қорғану жүйелерін пайдалануымыз қажет. Өрт сөндіру құралдары, қолданыстағы нормаларға сәйкес автоматтандырылған өрт сөндіру және байланыс құралдары болуы қажет. Бөлмеде барлық қауіпсіздік шаралары ұйымдастырылған және өрт сөндіргіш құрал орналасқан. Қазіргі кезде электр тоғы өмірде, шаруашылықта жиі пайдаланылады, оның көмегімен ауыр деген жұмыстар жеңілдейді, өндіріс мәдениеті жоғарылайды. Өндірісте электр тоғының айнымалы түрі қолданылады, ол төрт сым арқылы беріледі, жиілігі 50-Гц. Электр тоғының қауіптілігі сонда, өйткені оны көзбен көрмейміз. Сонымен, электр тоғының адам организміне қандай әсері бар десек, олар: жылулық (термикалық); химиялық; биологиялық; механикалық. Адам өміріне

қауіпті жағдайлардың бірі электрлік желілер. Электрлік желілерден қорғаныс құралдары: -жерлендіру; -нөлдеу; -қорғанышты ажырату.

### 4.3 Шудың әсері

Шу адам ағзасына зиянды әсерін тигізе отырып, жұмыс жағдайын нашарлатады. Адамға шу ұзақ уақыт әсер еткен кезде жағымсыз жағдайлар туындайды: көз көру, есту қабілеті нашарлайды, қан қысымы көтеріліп, көңіл бөлу нашарлай түседі. Қатты ұзақ шу жүрек-қан қысымы және жүйке жүйесі қызметінің бұзылуына себепін тигізеді. Шудың зиянды әсерінен қорғайтын жеке сақтық құралдары да бар.


ГОСТ 12.2.003-76 сәйкес жұмыс орнында және одан тыс жерде пайда болатын шудан қорғану үшін келесі әдістерді қолдану керек:

- шу шығатын көздерде оны азайту;
- ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын қолдану;
- жұмыс бөлмелерін ұтымды жоспарлау және акустикалық өңдеуден өткізу.

Шу деңгейін қадағалау операторлар залында қолайлы жағдайды орнатуға көмектеседі. Ал жұмыс орнының қолайлы жағдайларында адамдардың жұмыс істеу қабілеттері жақсарады, жұмысшылардың ауруға шалдығуы азаяды сонымен қатар, еңбек өндірісі артады.

### 4.4 Бөлме жоспары

Компьютерлер енгізілген бөлменің жоспары 4.1-суретте көрсетілген. Бұл жерде 4 компьютер болады.



Сурет 4.1 – Бөлме жоспары:

- 1 – Шкаф.
- 2 – Операторлардың жұмыс орындары.
- 3 – Терезе жақтаулары.



- 4 – Есік.
- 5 – Өрт сөндіргіш.
- 6 – Орындықтар.
- 7 – Кондиционер.

Өндірістік кәсіпорындарындағы жасанды жарықталуының шарттары адамның көру жұмыс қабілеттігіне, физикалық және моральдық күйіне үлкен әсер етеді, ал бұл еңбек өнімділігіне және өнімнің сапасына әсер етуіне әкеледі. Жарық – тіршілік көзінің бір бөлігі.

Ал өндіріс ортасын жарықтандыру дәрежесі еңбеккердің жұмыс жағдайын жақсартады, шаршауын төмендетеді, еңбек өнімділігі мен өнімнің сапасының жоғары болуына тікелей әсері бар. Жарықтың күн көзіне немесе аспан денелерінен пайда болған түрін – табиғи жарық дейміз де, электр шамы арқылы пайда болған жарықты – жасанды жарық дейміз. Күн көзінің жарық шамасы жердің күнді айналуына, атмосфераның оптикалық жағдайына, ауа райына, жарықтың шағылысуы мен жұтылуына байланысты.

Күн сәулесі спектрі өзінің биологиялық әсері бойынша үш түрге бөлінеді. Күн сәулесі спектрінің толқын ұзындығы 380-760 нм бөлігі көздің көру нервтеріне әсер етіп жарық құбылысын тудырады. 100-380 нм ұзындықтағы сәуле толқындар ультра күлгін (радияциялық) 760-340000 нм сәуле толқындар инфрақызыл (жылу сәулелері) деп аталады. Олар (көру) жарық құбылыс тудырмайды. Жарықтандырудың сапасын көрсететін негізгі техникалық жарық көрсеткіштері болып – жарық күші (J), жарық шамасы (E), шағылыстыру коэффициенті  $\alpha_{ж}$ , жұту коэффициенті  $\beta_{ж}$ , өткізу коэффициенті  $\gamma_{ж}$ , жарық ағыны (Ф), жарықтану дәрежесі Я (Яркость), көру нысаны мен фон арасындағы контраст, жарықтың шамасының өзгеруі және жарықтың біргелілік коэффициенті саналады. Жарық шамасын өлшейтін аспап люксметр деп аталады.

Ғимараттарды жарықтандыруды мөлшерлеудің екі әдісі бар: геометриялық және техникалық жарық көрсеткіші арқылы.

Табиғи жарықтандыру күн сәулесін бүйірден түсіру, жоғарыдан түсіру және аралас болып бөлінеді. Бөлмені табиғи жарықтандырудың геометриялық мөлшерлеу мәні болып жарық түсетін ойық пен бөлме едені ауданы арасындағы қатынасты анықтау болып табылады. Ол әрине бөлменің пайдалану жағдайына байланысты. Өндірістік бөлмелер үшін – табиғи жарық коэффициенті  $e = F \cdot n / f = 1/10$ .

Ал жасанды жарықтандыруды мөлшерлеу – жарық шамасы (E) люкспен көрсетіледі. Оның мөлшері көру жұмысының сипаттамасына, көретін нысанның размеріне (0,15мм-ден 5мм-ден артық) контраст, фон көрініске қарай беріледі. Жарық ағыны нысанға бағытталып, шам – жағдайға сәйкес таңдалынып алуы керек.

Жарық адам ағзасының жалпы жағдайына әсер етеді. Сондықтан жұмыс орнындағы жарықтандырудың дұрыс таңдалуы өте қажетті.

## 4.5 Жұмыс орынның жасанды жарықталуы

Табиғи жарықтандыру болмағанда немесе жеткіліксіз болғанда жасанды жарықтандыру қолданылады, қыздырмалық шам, жоғары және төмен қысымды газоразрядтық шамдар, жазық және саңылаулы жарықжолдар ретінде жарықтың осындай көздері іске асырылады.

Көздің шаршаған дәрежесі заттарды көру әсерінен ілесетін процестердің кернеулігіне байланысты болады. Сондай процестерге көруге икемделу, үйлесу және бейімделу жатады.

Еңбектің қолайлы жағдайларын жасау үшін өндірістік жарықтандыру келесі талаптарға тиісті жауап беру қажет:

– жұмыс орындағы жарықтың «Табиғи және жасанды жарықтандыру. Жалпы талаптар» 2.04-05-2002 ҚР СНИП бойынша орындалатын жұмыстың сипаттамасына сәйкес болу қажет.

– жұмысшы беттердегі және қоршаған кеңістік шектеріндегі жарықтың мүмкіндігінше бірқалыпты таралу қажет;

– жұмыс бетінде айқын көлеңкелер болмау қажет;

– түсті дұрыс тарату үшін қажетті жарықтың қажетті спектралдық құрамын жарықтандыру қамтамасыз ету қажет;

– жарықтандыру жүйесі басқа зиянды факторлардың көзі болмау қажет, сондай-ақ электрге және өртке қауіпсіз болу қажет.

Жарықтың көзін таңдау. Жасанды жарық үшін қызу және газоразрядтық шамдар қолданылады. Жалпы жұмыстық қыздыру шамдардың типтерін белгілеу шартындағы келесі әріптер мынаны білдіреді: В- вакуумдық, Г- газбен толтырылған, Б- биспиральдық, БК- биспиральдық криптондық. Шамдардың жарықтық ағымдары, жалпы жұмыстық қыздырушылық және олардың қуаты 4.3-кестеде келтірілген.

К е с т е 4.3 – Қыздырушылық шамның қуаты мен жарықтық ағым

| Шамның типі | Қуат Вт | 220                        | 200-235 | Шамның типі | Қуат Вт | 200                        | 200-235 |
|-------------|---------|----------------------------|---------|-------------|---------|----------------------------|---------|
|             |         | кернеуіндегі жарықтық ағым |         |             |         | кернеуіндегі жарықтық ағым |         |
| В           | 15      | 105                        | 85      | Б           | 150     | 2100                       | 1840    |
| В           | 25      | 220                        | 190     | Г           | 200     | 2800                       | -       |
| Б           | 40      | 400                        | 300     | Б           | 200     | 2920                       | 2540    |
| БК          | 40      | 460                        | -       | Г           | 300     | 4600                       | 4000    |
| Б           | 60      | 716                        | 550     | Г           | 500     | 8300                       | 7200    |
| БК          | 60      | 790                        | -       | Г           | 750     | 13100                      | -       |
| Б           | 100     | 1350                       | 1090    | Г           | 1000    | 18600                      | -       |

## 4.6 Жасанды жарықтандыруды есептеу

Жарықтандыру табиғи және жасанды болуы мүмкін. Жасанды жарықтандыру екі жүйелі болуы мүмкін: жалпы және аралас. Аралас жарықтандыру кезінде жалпыға жергілікті жарықтандыру қосылады.

Жасанды жарықтандыруды есептеу үшін пайдалану коэффициенті және нүктелік әдістер қолданылады. Пайдалану коэффициенті әдісі үлкен көлеңке түсіретін заттар болмаған жағдайдағы біркелкі горизонталь беттердегі жарықтандыруды есептеуге арналған. Бұл әдіс арқылы  $\eta$  коэффициентінің мәні анықталады. Ол есептелінетін бетке түсетін жарық ағынының жарықтандыру құралының толық ағынына қатынасы болып табылады.

Біздің есептейтін бөлменің өлшемдері мынадай:

- габариттері: 8x4x3;
- шағылу коэффициенттері –  $\rho_{\text{төбе}} = 70\%$ ,  $\rho_{\text{қабырға}} = 50\%$ ,  $\rho_{\text{еден}} = 30\%$ ;
- жарықтандырудың бірқалыпсыздық коэффициенті  $\lambda = 1.1 \div 1.2$ ;
- еденнен жұмыс орнына дейінгі биіктік:  $h_{\text{еден}} = 0.8$  м.

Нормаланған жарық қабырғалары, төбесі әктелген, терезелері жабылмаған бөлме үшін  $E=300$ лк. Жарықтандыру жүйесіне люминесцентті ЛД шамдарын қолданамыз, оның қуаты 40 Вт, ал жарықтық ағыны 2340 лм.

Ілінудің есептік ұзындығын анықтаймыз. Жұмыс орнының еденнен биіктігі  $h_{\text{еден}} = 0.8$  м, ал шамның іліну биіктігі  $h_{\text{іліну}} = 0.2$  м болғандықтан, ол келесі шамаға тең:

$$h = h - (h_{\text{еден}} + h_{\text{іліну}}), \quad (4.1)$$

$$h = 3 - (0.8 + 0.2) = 2 \text{ м.}$$

Шырақтар арасындағы ең қолайлы қашықтық төмендегі өрнекпен анықталады:

$$z = \lambda \cdot h, \quad (4.2)$$

$$z = 1.2 \cdot 2 = 2.4 \text{ м.}$$

Бөлме шырақ қатарларының ара қашықтығы 2.4м.

$$n = B/L \quad (4.3)$$

мұнда  $B$  – бөлме ені,  $B = 4$ м;

$L$  – шырақтар арасындағы қашықтық,  $L = 2.4$ м.

Осыдан:

$$n = \frac{4}{2,4} = 1.67 \approx 2$$

Шырақтардың қатарлар санын санайық:

$$i = \frac{S}{h^*(A+B)} \quad (4.4)$$

мұндағы  $A$  – бөлме ұзындығы;

$B$  – бөлменің ені;

$S = A \cdot B = 32 \text{ м}^2$  – ауданы.

$$i = \frac{32}{2 \cdot (8+4)} = 1.3$$

Кесте бойынша пайдалану коэффициенті  $\eta = 45\%$ , қор коэффициенті  $K_k = 1.5$ .

Қажетті шамдар санын анықтаймыз:

$$N = \frac{E \cdot K_k \cdot S \cdot Z}{n \cdot \Phi_l \cdot \eta} \quad (4.5)$$

мұндағы  $E$  – берілген жарықтық;

$K_k$  – қор коэффициенті;

$S$  – бөлменің ауданы,  $S = 32 \text{ м}^2$ ;

$Z$  – жарықтандырудың бірқалыпсыздық коэффициенті.  $Z = 1.1 - 1.2$ .

$$N = \frac{300 \cdot 1.5 \cdot 32 \cdot 1.2}{2 \cdot 2340 \cdot 0.45} \approx 8 \text{ шам}$$


Шыққан есептеулерге байланысты 300 Вт қуатты, жалпы қолдануға арналған, Г қыздыру шамын таңдаймыз.

Барлығы 300 лк нормативтік жарықты құру үшін 300 Вт қуатты Г типті 8 қыздыру шамы қажет. Бір қыздыру шамы бар УСП-35 типті шырақтың ұзындығы  $L_{CB} = 1565 \text{ мм}$ , ал олардың толық ұзындығы мынаған тең:

$$L = N_0 \cdot L_{CB} \quad (4.6)$$

$$L = 2 \cdot 1.65 = 3.13 \text{ м.}$$

Яғни, 8 м ұзындықты бөлмеге екі қатарға төрт шырақтан орналастырамыз, 4.2–суретте келтірілген.



Сурет 4.2 – Жасанды жарықтандыру сұлбасы

#### 4.7 Меншікті қуат әдісі

Меншікті қуат әдісімен жарықтандыруды шешудің маңызы, шырақтардың түрі мен оны орнатудың орнына байланысты, жұмыс бетінен ілгіштің биіктігі, горизонтальды беттегі жарықтандыру мен бөлменің ауданымен меншікті қуат мәні анықталаумен қорытындыланады.

Қыздыру шамдарын орнатуды қабылдаймыз және параллель екі қатарға төртеуден орналастырамыз.

$$N = 2 \cdot 4 = 8 \text{ шам.}$$

Шырақтың меншікті қуаты  $\omega = 40 \text{ Вт/м}^2$ .

Бір шырақтың қуаты:

$$\rho = \frac{\omega \cdot S}{N}, \quad (4.7)$$

$$\rho = \frac{40 \cdot 32}{6} = 160 \text{ Вт.}$$

8 шырақ орнатамыз. Әр шамның қуаты:

$$\rho_g = \frac{160}{2} = 80 \text{ Вт.}$$

Сәйкесінше, келтірілген есептер негізінде 8 шырақты таңдап аламыз, олардың әр қайсысы 80 Вт шамнан тұрады.

#### 4.8 Бөлменің вентиляция жүйесін есептеу

Бөлмеден бір сағатқа шығаруға қажетті ауаның мөлшерін анықтайық  $L$  м<sup>3</sup>/сағ, сонымен бірге келесі формуламен анықталатын артық жылу мөлшерін  $Q_{изб}$  есептеу керек

$$L = \frac{Q_{изб}}{c_s t_{y\epsilon}} \quad (4.6)$$

мұнда  $c_s$  – құрғақ ауаның жылу сыйымдылығы, ккал/кг ( $c_s = 0.24$  ккал/кг град);

$t = t_{yx} - t_{bx}$  есептегенде  $t = 5^\circ\text{C}$  аламыз;

$\rho_v$  – шығарылатын ауаның тығыздығы, температураға байланысты анықталады, кг/м<sup>3</sup> (есептегенде қолданылады  $\rho_v = 1.20$  кг/м<sup>3</sup>).

Артық жылуды анықтаймыз ккал/с:

$$Q_{изб} = Q_n - Q_{от} \quad (4.7)$$

мұнда  $Q_n$  – бөлмедегі ауаға келіп түсетін жылу мөлшері, ккал/с;

$Q_{от}$  – сыртқы қоршаулар арқылы қоршаған ортаға жылу берілуі (жылдың жылы маусымдарында есептеулерде нөлді қабылдауға болады).

Терезе ойықтары арқылы кіретін жылу және жұмыс істейтін адамдар санынан, жабдықтардың қуатына байланысты  $Q_n$  бөлінетін жылу мөлшері

$$Q_n = Q_{ж} + Q_a + Q_p + Q_{бж} \quad (4.8)$$

